

ҚАРАЛДЫ
27 тамыз 2025 жыл
№1 педагогикалық кеңесте

БЕКІТЕМІН
№21 «Гүлдер» балабақшасы МКҚК
менгерушісі м.а. *Аймаханова А.С.*



**№ 21 «Гүлдер» балабақшасының
2025-2026 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспары**

Астана, 2025

Жылдық жұмыс жоспарының мазмұны:

Кіріспе. Жалпы мәліметтер. «№21 «Гүлдер» балабақшасы» мектепке дейінгі ұйым туралы мәлімет.....

Өткен жылғы жұмыс қорытындыларын талдау.....

2025-2026 оқу жылындағы жоспарлауда ескерілетін негізгі нормативтік – құқықтық құжаттар.....

2025-2026 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жоспарының мақсаты мен міндеттері.....

2025-2026 оқу жылында балалардың жас ерекшеліктерімен топтарға бөлінуі..

I бөлім. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру:

2. II бөлім. Кадрлармен жұмыс:

Педагогтердің кәсіби құзіреттіліктерін жетілдіру.....

3. III-бөлім. Білім беру процесін ұйымдастыру:

Педагогикалық кеңестер.....

4. IV бөлім. Әлеуметпен жұмыс:

5.V бөлім: Бақылау және басшылық

I бөлім. Жалпы мәліметтер.

«№21 «Гүлдер» балабақшасы мемлекеттік коммуналды қазыналық кәсіпорны туралы мәлімет

Балабақша нөмері, атауы: «№21 «Гүлдер» балабақшасы МКҚК

Пошталық индексі: 010000

Мекен – жайы: Тәуелсіздік14/3

Балабақша телефондары: 87172497725

Жоба қуаттылығы: 280 балаға арналған

Ғимарат түрі: 2 қабатты

Жалпы көлемі: 6074 шаршы метр

Жалпы ауданы: 1906,5 гектар

Қолданылуға берілген жылы: 23 қыркүйек 2070 жыл

Балабақша меңгерушісі - С.К Ермагамбет

Оқытылу тілі: мемлекеттік және орыс тілі.

Электронды пошта: gulder21@mail.ru

Балабақшаның мемлекеттік мәртебесі келесі құжаттармен расталады:

- Астана қаласы Білім басқармасының «№21 Гүлдер» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Жарғысы; №21 Гүлдер» балабақшасы МКҚК әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы 2025 - 2026 жылдарға арналған ұжымдық шарты;

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы – БИН 990340005233 Астана қаласы

2024 -2025 оқу жылындағы жұмыс қорытындысына талдау:

№21 Гүлдер» балабақшасы аптасына 5 күн, сағат 7.30 – 18.00 – ге 11 топ жұмыс атқарды. Оның 7 топ мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылды; ал қалған 4 тобы орыс тілінде тәрбиеленіп, оқытылды. Олардың төртеуіде ересек топтары; №21 Гүлдер» балабақшасы оқу – тәрбие іс-әрекетін мемлекеттік құжат Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын негізге ала отырып, барлық топтарда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына» және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес жүзеге асырады. Балабақшада баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Барлық топтарды пәндік-дамытушы орта көп функционалды, қарқынды балалардың жастарына сай даму дамуының ерекшелігін және мектепке дейінгі балалардың іс-әрекеттерінің ауысып отыратындығын есепке алып құрылған.

Балабақша мекемесінде: әдіскер, тәрбиешілер, психолог, музыка жетекшілері, дене шынықтыру нұсқаушылары, қазақ, медбике, диеталық медбике және т.б. қызметкерлер жұмыс жасап, өздеріне тиесілі қызмет түрлерін көрсетеді. Балабақшада

бала жасына сай дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, сезімдік-эмоционалдық ортасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру үшін музыка және жеке дене шынықтыру залдары, арнайы жабдықталған ойын, ұйықтайтын, қабылдау бөлмелері, дәрігерлік қарау, оқшаулану бөлмесі, асхана, кір жуу бөлмесі, қойма бөлмелері бар. Балалардың тамақтануы 3 мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген және оған қосымша бір мезгіл жемістер мен шырындардан тұратын дәрумендік таңғы ас беріледі.

Әр топтың серуендейтін ойын алаңы (учаскесі) бар, онда әрбір жас ерекшелігіне сәйкес ойын құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген. Арнайы ойын-сауық өткізуге, жазғы уақыт аралығында балалармен қимыл ойындарын, дене жаттығуларын ұйымдастыруға арналған спорттық алаңы бар.

Балабақша гумандық педагогика, тиімді инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолданады.

Балабақшамыздың негізгі бағыты: экологиялық тәрбие беруде ізгілік педагогикасының әдістерін пайдалану негізінде балалардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

2025-2026 оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы» Консультативті пункт, Педагогикалық-психологиялық қолдау кабинеттері» өз жұмысын атқарады.

Міндеттері орындалды:

Бала бойында адамгершілік жеке көзқарастың тұрақты дамуына ықпал ету жолдары айқындалды;

Адамгершілік педагогика негізінде педагогтардың мәдениеттілігі мен денсаулық сақтау мәселелері бойынша білімі мен дағдыларын тереңдету, мектепке дейінгі білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету және кәсіптік құзыреттілікті тұрақты түрде арттыру арқылы Ізгі педагогтың үлгісін қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі;

Баланы дамыту үшін эмоционалдық жайлылықты қалыптастыру үшін оңтайлы қолайлы объективті даму ортасы қамтамасыз етілді;

Отбасы мен балабақша арасындағы сенімді іскерлік байланыстарды орнату бойынша жұмысты жүргізілді.

Биылғы жылы аттестатциядан 3 педагог Педагог-модераторына өтті.

№21 Гүлдер» балабақшасы бойынша оқу жүктемесіне бес дағды бойынша мазмұны кіреді: денсаулық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік Баланың танымдық даму, интеллектуалдық іс-әрекеті тәсілдерін қалыптастыру, танып-білуге қызығушылығын арттыру негізін басшылыққа ала отырып, балалардың білім деңгейлеріннің мониторингісі жылына үш рет жүргізіледі (бастапқы, аралық, қорытынды мониторингтер). Балабақша тәрбиеленушілерімен жүргізілген жұмыстардан төмендегілерді байқауға болады:

Балабақша тәрбиеленушілері

«Денсаулық» білім беру дағдысы бойынша *орташа білім көрсеткіші*

- жылдың басында-59%;
- жылдың ортасында-71%;

➤ жылдың соңында-84%

<i>жоғары көрсеткіш</i>		<i>орташа көрсеткіш</i>		<i>төмен көрсеткіш</i>	
жылдың басында	11%	жылдың басында	46%	жылдың басында	43%
жылдың ортасында	33%	жылдың ортасында	47%	жылдың ортасында	20%
жылдың соңында	64%	жылдың соңында	29%	жылдың соңында	7%

негізінде балалар гигиеналық рәсімдерді орындау ретін біледі, саптық және спорттық жаттығуларды өздігінен орындауды игерген.

«коммуникативтік» білім беру саласы бойынша *орташа білім көрсеткіші*

- жылдың басында-50%;
- жылдың ортасында-66%;
- жылдың соңында-78%

<i>жоғары көрсеткіш</i>		<i>орташа көрсеткіш</i>		<i>төмен көрсеткіш</i>	
жылдың басында	7%	жылдың басында	25%	жылдың басында	68%
жылдың ортасында	16%	жылдың ортасында	50%	жылдың ортасында	34%
жылдың соңында	49%	жылдың соңында	41%	жылдың соңында	10%

Ересектермен қарым-қатынас жасауды, дыбыстарды дұрыс айтуды, байланыстырып сөйлеуді, шағын әңгіме құрауды, шығармаларды қабылдауды үйреніп, меңгерді.

«Таным» білім беру дағдысы бойынша *орташа білім көрсеткіші*

- жылдың басында-51%;
- жылдың ортасында-66%;
- жылдың соңында-78%

<i>жоғары көрсеткіш</i>		<i>орташа көрсеткіш</i>		<i>төмен көрсеткіш</i>	
жылдың басында	5%	жылдың басында	30%	жылдың басында	65%
жылдың ортасында	16%	жылдың ортасында	56%	жылдың ортасында	28%
жылдың соңында	50%	жылдың соңында	40%	жылдың соңында	10%

Заттардың қасиеттерін бағдарлау, сипап сезу, есту, иісін сезу бағдарлауды біледі, сонымен қатар құрастыру дағдыларын ойын іс-әрекеті барысында қолдана алады.

«Шығармашылық» білім беру дағдысы бойынша *орташа білім көрсеткіші*

- жылдың басында-57%;
- жылдың ортасында-69%;
- жылдың соңында-84%

<i>жоғары көрсеткіш</i>		<i>орташа көрсеткіш</i>		<i>төмен көрсеткіш</i>	
жылдың басында	5%	жылдың басында	49%	жылдың басында	46%
жылдың ортасында	20%	жылдың ортасында	56%	жылдың ортасында	24%
жылдың соңында	58%	жылдың соңында	35%	жылдың соңында	7%

балалар бояулардың түстерін ажыратып, қарапайым сюжеттерді бейнелей алады. Музыка мәдениетін меңгере бастады. Ырғақты қимылдарды еркін орындайды. Ермексаздың қасиеттерімен танысып, түрлі мүсіндер жасауға болатынын түсініп, меңгерді.

«Әлеуметтік орта» білім беру саласы бойынша *орташа білім көрсеткіші*

- жылдың басында-59%;
- жылдың ортасында-74%;
- жылдың соңында-86%

<i>жоғары көрсеткіш</i>		<i>орташа көрсеткіш</i>		<i>төмен көрсеткіш</i>	
жылдың басында	8%	жылдың басында	51%	жылдың басында	42%
жылдың ортасында	32%	жылдың ортасында	55%	жылдың ортасында	13%
жылдың соңында	62%	жылдың соңында	34%	жылдың соңында	4%

балалар құрдастарымен ойынға қатысып, ересектермен танымдық тақырыпта әңгімелесуді, қарым-қатынасты бағдарлауды түсінеді, білді.

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптары өз
Қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады

р/ с	Мазмұны	Ссылка	Ескертпе
1	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319	
2	«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293	
3	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0200000345	
4	«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306	
5	«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343	
6	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137	
7	«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469	
8	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031	
9	Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275	
10	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235	
11	Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329	
12	Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227	
13	Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P0800000077	
14	Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750	
15	Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272	
16	Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары		

17	Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239	
18	Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883	
19	Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708	
20	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317	
21	Педагогикалық әдеп қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020619	

**2025-2026 оқу жылына арналған
балабақшаның жылдық жоспарының мақсаты мен міндеттері**

Әдістемелік тақырыбы: «Дамытушылық заттық-кеңестік орта».

Мақсаты: Әр баланың мүмкіндіктерін, белсенділік деңгейі мен қызығушылықтарын ескере отырып, ойын әрекетін ұйымдастыру үшін қауіпсіз орта құру

Тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативтік, танымдық, шығармашылық біліктер мен дағдыларды, әлеуметтендіруді қалыптастыру мен дамыту;
- тәрбиелеу-білім беру процесіне қауіпсіз білім беру ортасын құру;
- тәрбиеленушілердің мектепте оқуына табысты дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;
- тәрбиеленушілердің денсаулықтарын сауықтыру және нығайтуды жүзеге асыруды кешенді қадағалау;
- педагогтің кәсіби өсу жүйесін әзірлеу;
- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үздік-әлемдік тәжірибесін қолдануды жалғастыру;
- мониторинг процесінің білім беру кеңістігін жаңарту;
- балалардың бойында патриоттық рухта, өз жеріне деген сүйіспеншілікке, өзінің Отанына деген адалдыққа, табиғатқа, жануарларға ұқыпты қарауға қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу;
- отбасы мен балабақша арасындағы сенімді іскерлік байланыстарды орнату.

2025 – 2026 оқу жылында балаларды топтарға бөлу:

№	Топ атаулары	Жас кезеңдері	Оқытылу тілі	Топтың саны
1	кіші «Меруертгүл»	Ерте жас: 2 жастан бастап 3 жасқа дейінгі аралық	қазақ	1
2	ортаңғы «Інжугүл»	Мектепке дейінгі орта жас: 3 жастан бастап 4 жасқа дейінгі аралық	қазақ	1
3	ортаңғы «Нарғызгүл»	Мектепке дейінгі орта жас: 3 жастан бастап 4 жасқа дейінгі аралық	қазақ	1
4	ересек «Қалампыр»	Мектепке дейінгі ересек жас: 4 жастан бастап 5 жасқа дейінгі аралық	қазақ	1
5	ересек «Түймедақ»	Мектепке дейінгі ересек жас: 4 жастан бастап 5 жасқа дейінгі аралық	қазақ	1
6	ересек «Бақ-бақ»	Мектепке дейінгі ересек жас: 4 жастан бастап 5 жасқа дейінгі аралық	қазақ	1
7	мектепалды «Бәйшешек»	Мектепалды даярлық жас: 5 жастан бастап 6 жасқа дейінгі аралық	қазақ	1
8	мектепалды «Қызғалдақ»	Мектепалды даярлық жас: 5 жастан бастап 6 жасқа дейінгі аралық	қазақ	1
9	мектепалды «Шегіргүл»	Мектепалды даярлық жас: 5 жастан бастап 6 жасқа дейінгі аралық	орыс	1
10	мектепалды «Көкнәр»	Мектепке дейінгі ересек жас: 5 жастан бастап 6 жасқа дейінгі аралық	орыс	1
11	Мектепалды «Лалагүл»	Мектепке дейінгі орта жас: 5жастан бастап 6 жасқа дейінгі аралық	орыс	1

2025-2026 оқу жылындағы педагог кадрлар құрамы

Рет № п/п	Педагогтың жөні	Лауазымы	Туған күні, айы, жылы	Білімі, бітірген оқу орны, бітірген жылы, диплом бойынша мамандығы	Саяаты	Жалпы педаго гикалық сипек өтілі	Лау азы м дық сипек өтілі
1	Ермағамбет Самал Қуандықовна	Менгеруші м.а	16.06.1986	Жоғары, Болашақ Университеті Колледж Бастауыш сыныпты оқыту 2007жыл ЕАГИ мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі 2014ж	Педагог - эксперт	15	15
2	Аймаханова А.С	әдіскер	13.06.1976	Қорқыт ата атындағы гуманитарлық университет 2003жыл Бастауыш сынып әдіскері	Педагог модератор	22	1жы л
3	Смагулова Айжан Иргабасовна	инновация әдіскері	06.08.1984	1. Ы.Алтынсарин ат. Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, 2010 жыл. 2.Еуразия гуманитарлық институты, «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 2020жыл	Педагог модератор	13 жыл, 8ай	13 жыл, 8 ай
4	Өтебалиева Бағила Анарбайқызы	Психолог	09.08.1989 890809401670	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті -2010 Мамандығы: Педагог-психолог	Педагог- модератор	15	15
5	Қоспанова Гаупар Орынбековна	Психолог	01.01.1977 77010145	Баишев Университет Педагогика и психология 2019	Педагог- сарапшы	22	1
6	Жұмабекова Салтанат Танибергенова	Учитель каз. языка	05.11.1985 851105403182	Қаз.мем университетіне казак тілі мен әдебиет мұғалімі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	Педагог	1	1
7	Лебедева Наталья Ивановна	Муз.рук-ль	09.01.1972 710109450093	Пед.училище г.Целиноград-1991 Музыкальное воспитание ЕАГИ – ПМНО	Педагог- модератор	29	24